Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған қүннен бастап демократияны нығайтуда саяси салада түрлі реформаларды жүзеге асырып келе жатқан посткенестік мемлекеттердің бірі. Сондыктан да еліміздегі билік пен қоғамның арасындағы өзара түсіністік мәселесі шешімін табатын мемлекеттік ақпараттық саясаттың бір бөлігін құрайды. Ал дамыған елдерде саяси субъектілердің өзара әрі қоғаммен ақпараттар алмасуының байланыстарын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік саясаттың жүйеленген ақпараттық құрылышы түзіліп, арнайы бағдарламасы жолға қойылған. Бүгінде елімізде билік пен қоғамның өзара түсіністігін орнатуда саяси коммуникацияның алатын орны мен рөлі зор болып табылады. Оны талдау және жүзеге асыру міндеті де өте өзекті мәселелеге айналып отыр. Саяси коммуникация латын тілінде communicatio - хабар - саяси субъектілердің ақпарат алмасу мен тікелей қатынасының, ой-идеялармен, мәліметтермен бөлісу негізіндегі өзара қарым-қатынас үрдісі ретінде анықталып, саяси құрылым мен ондағы байланыстыруышы қызметті орындауды білдіретін саяси үрдіс түрінде қарастырылған.

ХХ ғасырдың 90-шы жылдары Тәуелсіз мемлекеттер достастыры үшін өте киын да өтпелі кезең болды, себебі саяси басқару тетіктері мен тәртіпптерінің өзгеруі мемлекеттік институттардың жойылуына әкелген тұста еліміз саяси-экономикалық реформалардың қарқынды жүргізуі нәтижесінде дами бастады. Осы орайда КР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустріялық-инновациялық даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға дейінгі экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуга көшу тұжырымдамасы» т.б. құжаттарында мемлекеттіміздің жалпы ұзақ мерзімді ұлттық даму стратегиясы толық қарастырылған.

Бұл стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қантардағы № 3834 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шаралары туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған «Экология және табиғи ресурстар» стратегиялық жоспарын іске асыру бағдарламасы бойынша іс-шаралар атқарылды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыруда бірінші кезекте түрган міндет қоршаған органды қорғауды басқарудың жүйесін құру мәселесі болды.

Қазіргі халықаралық қатынастар жалпы жаһандану және өнірлік интеграцияға негізделіп отыр, сондыктан серпінді даму негізінде халықаралық қоғамдастықта сенімді әріптес ретінде қабылданып, айтарлықтай беделге ие болып отырған және ТМД елдері арасындағы интеграциялық үдерістердің дамуында көшбасшы рөлін атқарып отырған Қазақстан үшін де көршілес елдермен бірігу маңызды мәселе болып табылады. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап Орталық Азия мемлекеттерімен құрған ынтымақтастыры да мол нәтиже беруде. Аумақтық кеңістігі ғана емес, тіл мен ділі де ортақ, қарым-қатынастары ежелден үзілмеген ортаазиялық тәуелсіз мемлекеттердің бірлесіп отырып шешетін мәселелер шеңбері ауқымды. Ол қоршаған органды қорғау, су ресурстарын пайдалану, тауар айналымы, шекара, мәдениет, кедендей одақ, бірыншай көлік, энергетикалық және ақпараттық жүйелерді қалыптастыру т.б. мәселелерді қамтиды.

Географиялық және демографиялық ресурстарға бай бұл аймақ бүгінгі таңда геосаяси басымдықтарға ие болып отыр, себебі бұл өнір Еуразияның ең басты геосаяси орталықтарымен шекаралас жатыр. Еуропа мен Азияның арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастың көпірі болып табылатын

Қазақстан осы органдың экологиялық жүйесінде де маңызды рөл атқарады. Қазақстан аумағының кеңдігі, климаты, су жүйесі бүкіл Еуразияның экономикалық-әлеуметтік жағдайының тұрақтылығына есеп етеді. Сонымен, қазіргі кезеңде қызмет атқарушы құрылымдарды бекітіп, аймақтық басқару механизмдерінің тиімдісін қалыптастыру Орталық Азия мемлекеттері ынтымақтастығындағы басты мәселе болып табылады.

Қазіргі таңда Орталық Азия мемлекеттері арасында туындалған проблемалар олардың стратегиялық мұдделеріне нұқсан келтірмей, көліссөздер жолымен ымыралық негізде шешілуде және олардың ұмтылыс-ұстанымдары халықаралық құқықтың жалпыға бірдей мойындалған нормаларымен үндес болуда. Атап айтқанда, 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҮҰ) мүше болып кірген Қазақстан осы Ұйым аясында қабылданған адам құқықтары, халықаралық қауіпсіздік, коршаған органды қорғау, есірткіге бақылау жасау т.б. жөніндегі халықаралық конвенциялардың көпшілігіне қосылып, өз ұстанымын ашық білдіріп, ұсыныстарын алға тартып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы ұсыныс жасаған болатын. БҮҰ-мен катар көптеген өзге елдер тарапынан қолдау тапқан бұл бастама 2002 жылы іске асрылып, Алматы қаласында он алты ел мүше болған АӨСШК алғашқы саммиті өткізілген болатын. Онда әлемнің аса ірі мемлекеттерінің өкілдері дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ өзекті мәселелерді талқыға салып, Алматы актісін және АӨСШК-нің лаңқестіктік жойып, өркениеттер арасындағы үнқатысуға жәрдемдесу туралы декларациясын қабылдады. Ал, өткен жылдың маусым айында Алматы қаласында тоғыз мемлекеттің басшысы, бір премьер-министрі, жеті Үкімет мүшесі және БҮҰ Бас хатшысының орынбасарының қатысуымен АӨСШК Екінші саммиті өткізілді. Саммиттің ашылуында сөз сөйлеген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес дүние жүзіндегі шешуші факторлардың біріне» айналғандығын атап өтті /1/. Өткізілген саммит барысында Алматы қаласында АӨСШК Хатшылығы ашылды. Сонымен катар АӨСШК Екінші Саммитінің декларациясы қабылданып, онда Азиядағы, тұтас алғанда әлемдегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші проблемалары көрініс тапты. Осы атапған шаралар Орта Азиялық республикалардың сыртқы саясатын жүргізуде елеулі маңызға ие, оларға өкілдері қатысқан елдерді «бір мақсат біріктіреді, ол – Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сактау» /1/. Қазақстанның АӨСШК төрағасы болып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолында бар мүмкіндіктерді әрі қарай да жүзеге асыра беру ұстанымы барынша айқындалып, әлем қоғамдастырының қолдауын тауып отыр.

Алматы қаласында 2003 жылдың маусым айында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Парламенттік Ассамблеясы форумы болып өтті. Өткізілген алқалы жиында Н.Ә.Назарбаев жаңа жүзжылдықтағы қауіп-қатер мен дүрбелеңді дабылдардың шекаралар шенберінен шығып кету сипатты өңірлік қауіпсіздікті тек жаһандық өлшеммен ғана өлшеуді талап ететіндігін атап өтіп, біріншіден, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің кем дегенде 11-инің географиялық аумағы Азияда орналасқандығы азиялық бағытты осы ұйымның маңызды бағытына айалдырады, екіншіден, қазіргі кезеңде Азияда адамзаттың жалпы санының жартысынан астамы өмір сүріп жатқандықтан, планетаның негізгі шикізат және демографиялық әлеуеті Азия елдерінде болғандықтан, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мән-маңызы барған сайын арта түсіде, үшіншіден, Азияның саяси, экономикалық әрі мәдени тұрғыдан біртекті болмай отырғандықтан, бұл өңірде қауіпсіздік институттарын құру қын, ал әлеуметтік және саяси тұрақсыздық салдарынан жыл сайын Азияның жекелеген елдерінен Еуропага ондаған мың заңсыз мигранттар өтуде деді. «Сонымен, жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің, соның ішінде Еуропа континентіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің де көптеген мәселелерінің кілті Азия жерінде жасырылып жатыр,» – деп атап өтті. Сонымен катар Елбасымыз жекелеген елдерде байқалып отырған әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оңды қарқыны елеулі дәрежеде нақты жобаларды жүзеге асыруға деп берілген шетел капиталымен байланысты. Бұл көрсеткіш жөнінен Қазақстан Орталық Азия елдері арасында көшбасшы орында екенін де терен қанағатпен атап өтті /2/.

Мемлекеттердің халықаралық ауқымдағы ұлттық мұдделерін нұқсансыз қамтамасыз ету үшін, біз әлеуметтік-экономикалық даму бағытында тиісті табыстарға қол жеткізуге тиіспіз. Біздің мұдделеріміздің түпкілікті мәні – халыққа төнүі мүмкін қандай да болсын сыртқы қауіптердің алдын алыш, мемлекеттілігіміздің сақтап қалу, себебі бұл болашақ үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шартқа 2006 жылғы қыркүйек айында Семей қаласында қол қойылды. Бұл бастама халықаралық қоғамдастық тарапынан ядролық қаруыздану мен таратпау ісіндегі маңызды қадам ретінде бағаланды. Ал осыдан он бес жыл бұрын Елбасы Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойған болатын. «Қазақстанның бұл тарихи шешімі – дүниежүзілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы жарқын үлгіге айналумен

қатар, болашақ дамудын бағытын анықтаған сарабдал қадам болғанын тарихтың өзі таразылап берді» /3/.

Бүгінде Орталық Азия мемлекеттері Арап теңізі алабы жөніндегі бағдарламаны бекітіп, жүзеге асыруда, сонымен қатар Каспий теңізі жөніндегі экологиялық конвенцияны ратификациялау жұмысы жүргізілуде. Орталық Азия мемлекеттеріне арналған халықаралық үйымдар да өз жұмыс бағыттарын белгілеп, су, жер және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы бірлескен бағдарламаларды іске асыру жұмыстарын жалғастыруды. Қазіргі кезенде Орталық Азия үшін әр түрлі секторлар мен халықаралық үйымдардың қызметін реттеу маңызды мәселелер қатарында болып отыр. Орталық Азия елдері басшыларының БҰҰ-ға донорлар қызметін реттеуші халықаралық механизмін құру туралы өтініші бұл міндеттін маңыздылығын жоғарылатуда.

Біздің мемлекетіміздің құнинен-күнге артып отырған экономикалық және саяси мүмкіндіктері біздің аймақтағы интеграциялық үдерістерде барынша белсенді рөл аткаруымызға иті ықпал етуде. Аймақтағы көршілес мемлекеттерді біртұтас механизм ретінде алсақ, біздің ел нарықтық кеңістіктің бел ортасында тұр. Өнірдегі көршілес тұрған елдермен сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нығая түсінің саяси тұрақтылық пен аймақтағы ортақ қауіпсіздіктің кепілі болып отыр. Орныкты даму бағдарламаларына он бағыт беретін ең күшті тетіктің бірі – халықтың ауқатты өмір сүрге деген ұмтылысы. Бұл мақсатқа жетуге Орныкты даму бағдарламалары өз септігін тигізеді, олардың принциптері мен мақсаттары туралы сауатты ақпарат беру шарты орындалған жағдайда халық тұрақты дамуды іске асыру саясатын қолдайды. Қазақстан оңтүстік аумақтарымен шекаралас орналасқан Орталық Азия елдерінде түпкілікті саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруына барынша мүдделі және соған бар көмегін көрсетуге дайын.

Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары 2006 жылдың маусым айында Қытай Халық Республикасында (Шанхай қаласы) Шанхай Үйнімактастық Ұйымының кеңейтілген құрамда болған алтыншы мәжілісіне қатысты. Н.Ә.Назарбаев ШЫҰ аясында экономикалық қарым-қатынас ерекше пайдалы және аса қажет болатынын, ол әрі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал жасайтынын, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты да қамтамасыз ететінін атап өтіп, табиғи ресурстарға және мол адами әлеуетке ие біздің өнір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттың ажырамас бөлігі екендігіне баса назар аударды /4/.

Аймақтағы елдер қазіргі кезеңдегі өркениеттік дамуға бет бұра отырып, әлемдік экономиканың жаһандануы мен ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің кеңеюі түсінда ұлттық экономиканы мемлекеттен ажыратуға бағыт алды және лаңкестік пен экстремизмге қарсы қарастегі мүдделердің ортақтығын сезінді. Дүние жүзі мемлекеттерінің ықпалдасуға бағыт алуы, әлемдік экономиканың біртұтастыққа қарай ұмтылысы Орталық Азия елдері үшін де айрықша маңызды мәселе екені баршаға мәлім. «Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы» атты ұйымды құру бастамасын көтерген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті, 2006 жылғы Жолдауының жетінші басымдығында еліміздің экономикалық, саяси-мәдени жағдайларын кеңінен талдай отырып, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосуда көршілес Орталық Азия елдерімен халықаралық ынтымактастық пен серіктестік құрудың зор маңызына баса назар аударып, «Қазақстанның мүдделерін, өнірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін тенденцилік және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру» /5/ қажет деп атап көрсетті. 2014 ж. қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде «Тұрақты адами дамудың жаңа парадигмасы G-Global жаһандық диалог форматы» атты халықаралық конференция өтті. Бұл конференцияға 22 елден 33 сарапшы қатысып, ҚР Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа парадигмалар туралы он тезис» ұсынды. Онда: «жаңа форматтағы даму парадигмасының маңызды мәселесі экологиялық факторды бағалау бойынша жаңа көзқарас қалыптастыру болуға тиіс екендігі және Жер бетіндегі тіршілікпен тығыз байланысты экожүйелердің 60 пайызы жойылу қаупінің алдында тұрғандығына» айрықша мән берілді. /6/. Антропогендік әрекеттің парниктік әсерінен туындалап отырған климаттың жылынуы бүкіл жер-жаһандық қауіп төндіріп отыр. Қоршаған ортаны сақтап қалу мен оны ұдайы жаңғыртып отыру өркениеттің тұрақты дамуының міндетті шартына айналуы керек.

Бүгінгі таңда күрделеніп отырған сыртқы қатынастардың стратегиялық бағыттары мемлекетіміздің дамуы мен жалпы жаһандану талаптарына сай келуде. Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастары жаһандану және өнірлік интеграцияға негізделуі тиіс. Оны іске асыруда көршілес елдермен ортақ мәселелерді шешу мақсатында Орта Азиялық республикалармен тығыз саясм-коммуникациялық байланыс негізінде өзара серіктестік пен ықпалдастықты құрудың маңызы ерекше. Ол – ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да тұрақты дамуға қажетті негіз қалау екендігі баршаға мәлім.

1 Алматы Азияны әз ұяға айналдырмак // Егemen Қазақстан, 2006 жыл, 20 маусым, 3-бет.

2 Н.Ә.Назарбаев. Жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің кілті Азия жерінде жасырылған жатыр // Егемен Қазақстан, 2003 ж., 10 маусым.

3 Қ.Тоқаев. Отандық дипломатияның он бес жылды / Егемен Қазақстан, 2006 ж., 16 желтоқсан.

4 Жаһандық дамудың жаңа кіндігі Шанхай ынтымақтастық үйімі бола алады // Егемен Қазақстан, 2006 ж., 16 маусым. 2 бет.

5 Қазақстан өз дамудындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақшамы, № 25 (3659), 2006 ж., 4 наурыз. 9 бет.

6 Галамдық дамудың тезисі // «Жас қазақ» газеті, №45 (513), 14 қараша, 2014 жыл, 5-бет.

### **Резюме**

Вопросы совершенствования политico-коммуникационной системы Республики Казахстан в сфере безопасности  
Джолдыбаева У.М. – к.и.н., доцент кафедры История Казахстана КазНПУ имени Абая

На современном этапе международные отношения основаны на глобализацию и интеграционные процессы центральноазиатского региона. В связи с этим, Республика Казахстан в мировом сообществе успел заявить о себе как надежный партнер, а среди стран СНГ стал успешным лидером происходящих интеграционных процессов в регионе в целом. Для Казахстана очень важно международное сотрудничество с соседними республиками, так как на основе политico-коммуникационной связи можно добиться решений интеграционных вопросов региона.

**Ключевые слова:** Республика Казахстан, Центральная Азия, международные отношения, политическая коммуникация, интеграция, сотрудничество

### **Summary**

Questions of perfection of the political and communication systems Republics of Kazakhstan in the field of safety  
Joldybayeva U.M. - an associate professor of department is History of Kazakhstan KazNPU to the name of Abai

At the present stage of international relations based on the globalization and integration processes in the Central Asian region. In this regard, the Republic of Kazakhstan in the world community managed to establish itself as a reliable partner among the SNG countries and has become a successful leader of the integration processes taking place in the region as a whole. For Kazakhstan it is important to international cooperation with the neighboring republics, as the basis of political and communication links can be achieved making integration issues in the region.

**Keywords:** Republic of Kazakhstan, Central Asia, international relations, political communication, the CIS integration, cooperation

УДК 340.00

## **ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДАМУЫ МЕН ОРНЫҒУЫНДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ ОРНЫ**

**Е.М. Тилембергенов** – Абай атындағы ҚазҰПУ, мемлекеттік және азаматтық құқытық пәндер кафедра менгерушісі, з.э.к., доцент,

**А.Н. Казиева** – Абай атындағы ҚазҰПУ, з.э.к., ага оқытуышысы

**С.Ж. Онғарбаев** – Абай атындағы ҚазҰПУ, «Құқық және экономика негіздері» мамандығы, 2-курс магистранты

Бұл мақалада заң шығару өкілетті орган Қазақстан Республикасы Парламент институтының демократияның дамуы мен орнығуындағы орны, рөлі жан жакты зерттелген. Онда мемлекеттегі демократияның дамуын парламентаризмнен бөліп алып одан парламенттіліктен тыс талдау мүмкін еместігі және де бүгінгі таңда мемлекеттегі демократияның қалыптасуына, әрі қарай дамуына көніл болғынген. Сонымен қатар осы арқылы ел тәуелсіздігінің нығайуы мен оның бүкіл әлеммен еркін қарым қатынасына ықпал ететін биліктің бір тармағы және бірегейі – Парламент мәселелері кеңінен қарастырылған. Мақалада нақты мысалдар арқылы қазіргі кезеңдегі Қазақстан Парламентіндегі өзгерістерге талдау жасалған және де бүгінгі таңдағы Қазақстан жағдайына демократияның әмбебаптық дәрежесіне оның әлемдік стандартқа сәйкестігі туралы айтылды. Парламент халықтың ортақ мұддесі мақсатына жұмыс істейтіндей, ол әрқашанда қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл болінді.

**Тірек сөздер:** Президент, демократия, мемлекет, парламент, демократиялық қоғам, билік.

Бүгінгі таңда қандай да болмасын мемлекеттегі демократияның дамуын парламентаризмнен бөліп алып одан – парламенттіліктен тыс талдау мүмкін емес. Қазіргі кезеңдебіздің мемлекеттегі демократияның қалыптасуына, әрі қарай дамуына және осы арқылы ел тәуелсіздігінің нығайуы мен оның бүкіл әлеммен еркін қарым қатынасына ықпал ететін биліктің бір тармағы және бірегейі - Парламент.

Кез келген дамыған елдерде демократия мен Конституция егіз ұғымды білдіреді. Демократия тікелей мемлекеттің Конституциясына орай сонымен тікелей байланысты, дамиды. Ата заңда қоғамды басқару-

дың демократиялық принциптері тұжырымдалмаған болса, ол елде демократияның орнығы мүмкін емес. Осы жерде айта кетер болсақ, елде шынайы демократия болу үшін саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени, идеологиялық кепілдіктер жүйесі болуы шарт. Оның маңызды кепілдігіне мысал ретінде әр түрлі демократиялық елдерде қалыптасып жатқан азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттерді көлтіруге болады. Жалпы демократия деп халық билігі, тенденциялық пен құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылышты айтамыз.

Ал енді Қазақстан Республикасының Парламентіне келер болсақ, төмендегідей мәселелерге баса көніл аударғанымыз жөн. Егемен елдің соңғы Конституциясына сәйкес 1995 жылы құрылған қос палаталы Парламентің Қазақстан Республикасындағы жоғарғы өкілді орган ретінде қалыптасып, оның одан ары демократия бағытында даму жолына үлес қосуы және түсінік қоғамдық-саяси, экономикалық өміріндегі елеулі оқиғасы болды [1].

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру жолында Конституцияға сәйкес қос палаталы Парламентің маңыздылығы мен қатар онынрөліде өте жоғары [1].

Демократиялық жолмен құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнауықазіргі өркениетті әлемдік тәжірибiede ның қалыптасқан билік бөлу принциптеріне негізделеді. Билік бөлу принципіне сәйкес Республика-дағы біртұтас мемлекеттік билік Конституция мен заңдар негізінде заң шыгарушы, атқарушы және сот тармақтарына болініп, өзара іс қимыл жүзеге асырылады. Айтылған билік тармақтарының ішінде Парламент негізгі орынды иемденеді және бүтінгі күні Қазақстан Республикасы өзінің дербес заң билігін дамыту үстінде.

Басқа мемлекеттерде әсіресе батыс демократиялары заң шыгару институттарын көптеген ғасырлар бойы дамытып отырған, осылай бола тұра бұл жүйе ежелгі және ортағасырлық демократиялардан олардың жалпы мемлекеттік рухын, мемлекеттілік пен халықтың жақындастырылған мұра еткен [2, 424 б.].

Қазақстан Республикасының батыс демократиясынан өзіндік айырмашылығы бар екені сөзсіз. Бұл айырмашылықтар тек саяси жүйесінен ғана емес, сонымен бірге экономикалық жүйесінен, өзінің көпэтникалық сипатынан, қоғамдық мәдени тарихынан көрініс береді. Сол себепті батыс тәжірибесін, осыншама айырмашылықтарын ескермesten, еліміздің заң билігіне енгізе қою мүмкін емес. Дегенмен, Қазақстан Республикасы егемендігін алғып, тәуелсіз мемлекет болғанан берігі жылдарда демократияны дамыту бойынша батыл қадам жасағандықтан, басқа елдердің нақты тәжірибелерінің Республикамыздың заң шыгарушарапарына, салыстырмалы негізделігі сайлауларға, сайлаушылармен қатынастарға және қоғамдық мінез-құлық нормаларына қатысты маңызы зор екені айқын.

Қазақстан Республикасының Конституциясы халық билігі сипатындағы шынайы демократиялық билікті қамтамассыз етуге бағыталған ұстанымды қамтиды [3, 30 б.]. Жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік биліктің халыққа тәуелділік деңгейі осы биліктің өзін-өзі басқару және жоғары биліктің деңгейін тікелей айқындауды, өзге ешқандай билік оның өз үстемдігін жүзеге асыруына шектеу қоя алмайды. Ол халықтың мәртебесін және еркін білдіреді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы – Парламент ол халық билігі сипатындағы шынайы демократиялық билікті қамтамассыз етуде бағыталған ұстанымды қамтиды. Өкілдік демократия өз құрамында өзара бейбіт қатынастағы топтарды, қоғамның өзге де әлеуметтік топтарын, ұлтар мен ұлыстарды, этникалық топтарды қамтитын халық мемлекеттік биліктің бір және бірегей қайнар көзі болып табылады.

Өкілдік демократияда халықтың еркі депутаттарға және биліктің өкілетті органдарына беріледі. Азаматтар өздерінің көзқарастарының, мақсаттарының, бағдарламаларының ниеттестігіне байланысты депутаттарды сайлайды, оларға өз мүдделерін қорғауды сеніп тапсырады [4].

Қазіргі Қазақстан Республикасында демократиялық белгілер бар, қазір соны жүзеге асыру үшін көптенген жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы өзін егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде деп жариялады. Қабылданып жатқан заңдарда адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетіліп, заң мен сот алдында тенденстірілген. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануга ерікті. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген. Экономика саласында жеке мешіктің дамуына үлкен жол ашылды. Халық нарықтық экономикамен қатар демократиялық жағдайда өмір сүрге үйренуде.

Қазақстан Республикасының жағдайында демократиялық мемлекеттік биліктәуелсіз Қазақстан халқына тиесілі қоғам және мемлекет істерін тікелей және халық билігінің арнайы тетіктері арқылы Конституцияда бекітілген нысандар мен шектерге билікті басқару қызметі.

Халық билігі принципін бекіту арқылы Конституция ол билікті жүзеге асыру формасы ретінде тікелей

демократияны, партиялар мен енбек ұйымдарының қызметін айқындауды. Нәтижесінде халықтық билік демократияның бүтін жүйесі түрінде қабылданған зандар арқылы ұйымдастырушулық тұрғыда көрініс табады, азаматтарды мемлекеттік және қоғам істерін басқаруға араластырып, олардың саяси белсенделілігін арттыруды әркилы формаларын колданады [3, 30 б.].

Демократиялық билік, парламент халықтық болып басқаруды қамтамасыз ету мүддесі үшін жоғарыда аталған барлық билік формаларының түрлерін пайдаланады. Бұл формалардың маңыздыларының бірі өкілдік демократия, ол өз кезегінде халық және жедел билік қызметін жүзеге асыратын кәсіби мемлекеттік аппарат арасындағы байланыстыруши тармақ болып табылады.

Өкілді орган халық қалауларын сайлау демократияның бір көрінісі шынайы халықтық биліктің маңызды бөліктерін бірлестіреді, себебі олар халық билігінің жоғары тікелей билігі ретінде қызмет етеді және бір мезгілде еліміздегі халық өкілдігі институтын құрайды.

Өкілдік демократия бүкілхалықтық еркін сайлаулар арқылы мемлекет және қоғам істерін басқаруға қатысты белгілі бір қызмет түрлерін халықтың сайланбалы өкілдерге – депутаттарға беруін білдіреді. Осылайша бұл халықтың толық билікті жүзеге асыруын өкілді демократия жүйесін құрайтын сайланбалы өкілдіоргандар арқылы қамтамасыз етеді. Осы өкілді демократия институты халықтың занға сәйкес және жергілікті жердегі халық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Осы негізде халық егемендігі көрінісін демократиялық формалары өкілдік жүйеден бастау алады, ал халық тәуелсіздігінің өзі халық өкілдігі сипатын анықтайды.

Парламент халықтық билік жүесінде тікелей, шынайы демократия ерекше мәнге ие. Мұның шынайы мәні халық еркін тікелей білдірудегі оның рөлімен айқындалады, яғни құқық шығармашылықтағы сияқты ешбір аралық жалғастыруши бөліктермен бөлінбеген, мемлекеттік құрылыштың мәселелерін шешу процесінде айрықша маңызды рөль алады [5].

Қазақстан Республикасының Конституциясы тікелей демократия институтын жоғарғы халық билігін тікелей білдіру сипатында бекітеді және олардың қатарына референдум мен еркін сайлауларды жатқызады. Шетелдік бақылаушы лорд Джон Уэверли Қазақстандағы демократияның даму болашағын былай деп бағамдайды: «Мен білемін, соңғы 20 жылдың ішінде Қазақстан демократияны дамыту жолында біраз жұмыс жасады. Мәселен, осы жолғы сайлаудың нәтижесі бойынша Қазақстан Парламентіне үш бірдей партия кіріп отыр. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Эрине, алдағы уақытта бұл демократиялық үрдіс үдеп түседі. Мен өзім Қазақстанның осы жолдағы жұмысын жоғары бағалаймын. Демократия бір күнде келмейді. Бұл – ұзақ уақытты қажет ететін үрдіс. Қазақстан ол үрдісті барынша ұдетуге тырысып келеді», – дейді ол [6].

Ол шындығында да солай болуы керек ұзақ процесс. Сондықтанда Қазақстан демократиялық бағытта қарыштап дамып келе жатқан Парламенттік мемлекет екенін басқалардың да мойындағаны азбал.

Сонымен, біз демократия ұғымына халықаралық қолемде сипаттама беруге тырыстық. Бүгінгі таңдағы Қазақстан жағдайына демократияның әмбебаптық дәрежесіне оның әлемдік стандартқа сәйкестігіне тоқталдық. Қорытындылай келе демократияның дамуында парламенттік жүйе мен саяси партиялар процестері терең өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады деуге әбден болады. Парламент өзінің белсенді заңнамалық процесі мен парламентаризмнің прициптері: халық билігі, демократия, ашықтық және де қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдары мен сайлау туралы заңнаманы үздіксіз жетілдіру үшін қолайлы жағдай жасайды. Өз кезегінде демократияның дамуында – Парламентте көпжүйелі партияның болуы, қоғамдық өмір, тұрақты талдау және елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға және осы проблемаларды шешуге Парламент атқарушы органдарының практикалық қызметіне объективті және тенгерімді сын бағамдаудың оларды шешу үшін жаңа жолдарын іздеуге өз құзіреті шегінде мәжбүр етеді.

Қазақстан егемендігі өз қолында, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып даму үстінде. Ұзақ мерзіміге арналған бағдарламалар мен ел бірлігін сақтауға бағытталған доктриналар қабылданды. Онда Парламенттің мемлекетті демократияландыру бағытындағы алатын орны мен рөлі тағыда айшықталғанын көрсетті. Шындығында парламент халықтың ортақ мүддесі мақсатында жұмыс істейді және ол әрқашанда қамтамасыз етілуи тиіс. Еліміздің демократиялық бағытта дамуына Ата заңмен қатар Парламенттің рөлі ерекше екенін баса айтқан жөн.

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995. – 30 тамыз. URL:<http://www.zakon.kz>

2 Становление и развитие института парламентаризма в условиях развития интеграционных процессов. – Алматы, 2010. – 424 с.

3 ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2014. № 1. – 30 б. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы./Берілген өзгерістер мен толықтыруларымен, 2014.–URL:<http://www.online.zakon.kz>

### Резюме

Роль парламента в развитии демократии

Тилеубергенов Е.М. – зав.кафедрой государственных и гражданско-правовых дисциплин, к.ю.н., доцент, КазНПУ им. Абая, Казиева А.Н. – к.э.н., ст.преподаватель КазНПУ им. Абая, Онгарбаев С.Ж. – магистрант 1 курса спец. «Основы права и экономики», КазНПУ им.Абая

В статье рассматриваются всесторонне вопросы о наиболее важных аспектах института Парламентаризма, представительной власти в становлении, роли и развитии демократии. Невозможность эволюционной демократизации общественной жизни без развития и совершенствования представительной власти. Исследованы развитие института парламентаризма с учетом позитивного опыта его функционирования в демократически развитых государствах и в связи с этим укрепление независимости государства. Приведены конкретные примеры становления и развития института парламентаризма в Республике Казахстан на современном этапе в соответствии с международными стандартами. Также отмечены новые конструктивные идеи и предложения, полезные для более эффективного взаимодействия ветвей власти и дальнейшего совершенствования и укрепления института парламентаризма в Республике Казахстан. Что безусловно, способствует непрерывности и стабильности законодательного процесса в стране.

**Ключевые слова:** Президент, демократия, государство, Парламент, демократическое общество, власть

### Summary

Role of the parliament in the development of democracy

Tileubergenov E.M. - Head of the Department of State and the Civil Law Disciplines, Ph.D., associate professor, Kazakh National Pedagogical University Abai, Kaziyeva A.N. - PhD, senior lecturer Kazakh National Pedagogical University Abai  
Ongarbaev S.J. - 1 undergraduate course specials. "Law and Economics" Kazakh National Pedagogical University Abai

The most important aspects of the Institute of parliamentarism, representative government in the establishment, role and development of democracy is discussed in this article. The impossibility evolutionarily democratization of public life without the development and improvement of representative government and explore the development of the institute of parliamentarism in a view of the positive experience of its functioning in the democratically developed countries and in this regard, strengthening the independence of the state. The article gives concrete examples of the formation and development of the institute of parliamentarism in the Republic of Kazakhstan at the present stage. What certainly contributes to the continuity and stability of the legislative process in the country.

**Keywords:** President, democracy, state, parliament, democratic society, power

УДК 343.232

## ҚЫЛМЫС САЛДАРЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ МЕХАНИЗМДЕРІ

**А.Жамалбек – құқықтану мамандығының 1-курс магистранты,**  
**С.Ж. Кусаинов – з.г.к., Абай атындағы ҚазҰПУ**

Бұл мақалада автор қымыс салдарынан келтірілген зияндарды, олардың барлық механизмдерін, Қымыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы заңдарды, Қымыстық жауапкершілікке негізсіз тарту, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану, негізсіз соттау фактілері өрескел заң бұзушылық болып табылатынын және оның нәтижесінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мұдделеріне елеулі нұқсан тиетінің, оларға және мемлекетке материалдық зиян және моральдық залал келтірілетінін толықтай түсіндіре отырып, осы жоғарыда аталып өткен терминдерге қыскаша түсінік бере отырып оларға шолу жасайды және де шетел мемлекеттерінің қымыс салдарынан келтірілген зияндарды өтеудің заңнамасы мен тәжірибесін талдап, бұл саладағы отандық заңнаманы жетілдірудің қажеттілігі туралы нәтиже жасайды.

**Тірек сөздер:** Қымыс салдары, зияндарды өтеу, залалдар, моральдық залал, материядық зиян, зияндарды өтеу заңнамасы, жәбірленуші, зиянды өтеу, қымыстан зардап шеккен жәбірленушілерге көмек қоры, өтемакы

Адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық ретінде тану мемлекетке оларды қорғау және сақтау міндетін жүктейді. Мұндай құндылықтардың сақталуы мен қорғалуының негізгі және маңызды кепілі ретінде өзінің конституциялық құқықтарын сот арқылы қорғау табылады десек қателесспіз. Бұл түрғыда ерекше орынға ие болатын мәселе тұлғаға қымыс арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру мәселесі, яғни азаматтық талап қою арқылы тұлғаның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.

Зиян келтіру кез келген қызмет аясында орын алады олар қымыс салдарынан, автокөліктер мен басқа да көлік құралдарының иелерімен, каяіпті заттармен, жануарлармен, тауарларды, жұмыстар мен қызмет

көрсетулерді сатудан, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік билік пен басқару органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен және т.б. келтіріледі. Тұлғалардың бұзылған құқықтары меп мүдделерін бірдей қалпына келтіруге, аталған тенденциялардың қауіптілігін елеулі түрде төмендетуі мүмкіндік беретін азаматтық құқықтың институты болып азаматтық-құқықтық жауапкершілік табылады. Зиян келтіруден туындастырын міндеттеме - бұл зиян келтірушінің немесе заңнамада аталған өзге де тұлғаның келтірілген зиянды толық көлемде өтеу міндеттін қамтыған, жеке немесе заңды тұлғалардың (мемлекеттік немесе әкімшілік-аумақтық бөліністін) заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне құқыққа қайшы іс-әрекеттермен (әрекет-сіздікпен) мүліктік және мүліктік емес зиян келтіру салдарынан тікелей заңнама нұсқауларынан туындастырын міндеттеме.

Құқықтық әдебиетте жәбірленушінің құқықтық тәртіпті сақтау және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша өз міндеттерін орындағандықтан, келтірілген зиянды (оның ішінде моральдық зиянды да) өтеуді мемлекеттен талап ету құқығы жайлы пікірлер айтылған болатын. [4; 21-23] Осыған байланысты, кейбір ғалымдар арнайы мемлекеттік қор құру қажеттігі және сол қор арқылы қылмыстан келген зиянды өтеудің жузеге асырылу қажеттігі жайлы мәселе де көтерген. [5; 47, 113]

Қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тарту, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану, негізсіз соттау фактілері өрескел зан бұзушылық болып табылаты

Қазіргі уақытта қөптеген елдерде жәбірленушілерге қылмыс салдарында келтірілген зиянды өтеудің мемлекеттік жүйесі құрылды. Мұндай сипаттағы бірінші төлемдер Жаңа Зеландияда (1963 ж.) және Ұлыбританияда (1964 ж.) жүргізілді. Кейіннен мұндай тәжірибе Еуропа және Оңтүстік Америка елдеріне енгізілді.

Зиянды өтеу туралы ереже барлық ұлттық заңнамаларда бар деуге болады, алайда олар өз ерекшеліктеріне ие. Сонымен Нидерландыда, Данияда, Швецияда, Шығыс және Солтүстік Еуропаның басқа елдерінде зиянды өтеу қылмыстық процесс, сонымен қатар азаматтық сот өндірісі аясында жузеге асырылады. Ұлыбританияда, Ирландияда, Кипрда, Турцияда, Мальтада, Грецияда, Жапонияда және өзге елдерде зиянды өтеудің негізгі нысаны «өтемақы ордерлері бойынша» төлем болып табылады. Соттың бұл өкімі өзге қылмыстық жазаға балама немесе қылмыстық жазаға толықтыру болуы мүмкін. Негізінен өтемақы ордерлері тұлғага қарсы зорлық туралы қылмыстық істер бойынша қолданылады. Сотталған тұлға ақшаны өтемақы ордеріне сәйкес сотқа төлейді, өз кезегінде сот оларды жәбірленушіге береді.

Кей елдерде залалдарды өтеу кез келген дene жарақаты келтірілген жағдайда жүргізуі мүмкін. Басқа елдерде тек нақты жағдайлар орын алғанда немесе бір жағдайлар туындал, басқалар болмаган жағдайда төлемдер жүргізуі мүмкін. Мысалы, жәбірленуші нашар материалдық жағдайда бола тұрып, өзі қылмысқа итермелемегендеге, Төлемдерді жүргізетін субъектілер әкімшілік органдар, сақтандыру компаниялары, қылмысқа кінәлі кәсіпорындар, соттарда құрылған және кінәлі тараптың зиянды өтеуін қамтамасыз етумен айналысадын комиссиялар немесе негізгі міндетті жәбірленушілерді қорғау болып табылатын кепіл қоры болуы мүмкін. [1, 2; 103-104, 162]

Мысалы, отандық заңнама шетел заңнамасынан жәбірленушіге келтірілген залалды өтеу бойынша мемлекеттік өтемақы қорларын құру бөлігінде артта қалып отыр, бұл толық ашылмаган қылмыстар бойынша өте қажет.

Сондай-ақ жәбірленушінің мінез-құлық өлшемдерін белгілеу маңызды болады, олар (қылмысты тергеуге және істі сотта қарауда ықпал ету, өтінішпен құқық қорғау органдарына уақытында жүгіну, қылмыс жасауга итермелемейтін жәбірленушінің он мінез-құлқы және т.б.) дұрыс сақталған жағдайда мұндай өтемақыға үміт артуға болады. Бұғынға танда Қазақстанда жәбірленуші қылмыскер табылмаған жағдайда не ол тергеуден қашып жүрген жағдайларда қылмыстан келген зиянды өтеу мүмкіндігін жузеге асыра алмай келеді.

Құқықтық әдебиетте жәбірленушінің құқықтық тәртіпті сақтау және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша өз міндеттерін орындағандықтан, келтірілген зиянды (оның ішінде моральдық зиянды да) өтеуді мемлекеттен талап ету құқығы жайлы пікірлер айтылған болатын. [4; 22-25] Осыған байланысты, кейбір ғалымдар арнайы мемлекеттік қор құру қажеттігі және сол қор арқылы қылмыстан келген зиянды өтеудің жузеге асырылу қажеттігі жайлы мәселе де көтерген. [5; 47, 119]

Қылмыс жәбірленушілеріне зиянды өтеу мемлекеттік бағдарламаларын іске асыратын барлық елдердің заңнамалары үшін кейбір өзгешеліктер жағдайында, өтеудің негізгі шарты тергеу және сот талқылау кезінде көмек көрсету, қылмыстар туралы дер кезінде хабар беру және жәбірленушінің он жүріс-тұрысы болып табылады. Полиция мен сотқа қарсы тұру, сондай-ақ қылмысқа итермеледегі кінә зиянды өтеуден бас тарту болып табылады [3; 289]. Бұғынға танда Қазақстанда жәбірленуші қылмыскер табылмаған жағдайда не ол тергеуден қашып жүрген жағдайларда қылмыстан келген зиянды өтеу мүмкіндігін жузеге

асыра алмай келеді. Құқықтық әдебиетте жәбірленушінің құқықтық тәртіпті сақтау және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша өз міндеттерін орындағанда, келтірілген зиянды (оның ішінде моральдық зиянды да) өтеуді мемлекеттен талап ету құқығы жайлы пікірлер айтылған болатын [4; 21-23]. Осыған байланысты, кейбір ғалымдар арнайы мемлекеттік қор құру қажеттігі және сол қор арқылы қылмыстан келген зиянды өтеудің жүзеге асырылу қажеттігі жайлы мәселе де көтерген [5; 47, 113]. Ғылыми ортада жәбірленушілерге зиян мемлекеттік өтемақы идеясына қарсыластар да бар. Қебинесе, Н.И.Коржанский қылмыспен келтірілген зиянның орнын тек қылмыскердің өзі толық көлемде толтыру керек деп есептейді, қылмыспен келтірілген зиянның орнын мемлекет толтыру керек деген ұғымды ол мұлдем қабылдамайды: «басқалар арқылы – кеншілердің еңбегі, болат корытушы және т.б. өтеу. Ол дұрыс па екен? Әділ ме?». [6; 12] Бірақ, бүтінгі құнғе ғылыми – теориялық жоспарда жәбірленушілерге мемлекет арқылы зиянның орнын толтыру идеясы басқа зиянның орнын толтыратын баламалы қайнар көз болмаган жағдайда орынды факті ретінде белгілеуге болады.

1) Мемлекет қылмыс құрбандарына зиян келтірілгені үшін өтеуін өз міндеттіне алу керек, себебі ол осы немесе басқаша әрқайсысында кінәлі, өйткені мемлекеттік механизмнің қызмет ету кемшиліктері және ерікті немесе еріксіз шығып кетуі кriminogendik және виктимогендік факторларының бірі болып табылады; Сондықтан мемлекет өз азаматтары алдында оларға келтірілген зиян үшін жауапты болады. Мемлекет азаматтар – салық төлеушілердің құралдарына бар болғаны және әділсөт пен қоғамдық тәртіптегі құзет саласында өз қызметін монополизациялау осымен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзіне міндеттенді бұл оны орындау үшін жауапкершіліктегі болады.

2) Мемлекетпен зиянның орнын толтыру жәбірленушінің заңды мұддесін тек толығымен қанагаттандыруға емес, жалпы алдын алу міндеттеріне қолжеткізуге әсер етер еді. Мемлекетпен зиянның орнын толтыру қылмыскер мен жәбірленушінің арасындағы қатынасты, жалпы қоғамның мұддесіне әрқайсыға қатысты, оларда заңның жағдайы үшін ұжымдық жауапкершілік сезімін тәрбиелеп, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастырап еді.

3) Қылмыспен келтірілген зиянның орнын мемлекетпен толтыру жәбірленушілердің материалдық өтемақы алу жағынан басқа, қылмыскерді іздеуге мұддесін күшешту көзқарасы жағынан да әсер етер еді [3; 99-102].

4) Мемлекеттің сотталғандарға мұліктік сипаттағы жазалау шарасы нәтижесінде, сондай – ақ, қамауға алушылардың еңбегін пайдаланудан түсетін сомалары бар. Осы қаражаттың жартысы қылмыс салдарынан болған зиянды өтеуге шығындалса әділ болар еді.

5) Сонында қылмыстық әрекетпен жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыруға шығындалған сомалар сотталғандардың еңбекақысынан немесе басқа табысқөздерінен аударма жарнасы ретінде қазынаға қайтарылады. Сондықтан, зиян үшін мемлекет емес бәрібірде кінәлі төлейтін болады, ол осындай жағдайда жәбірленушінің мұліктік ғұрпын қалпына келтіру кепілі ретінде шығады. Анықталмаған қылмыскерлермен немесе сотталғандармен келтірілген зиянға қатысты шынайы себептер бойынша төлеуге шамалары келмегенде (мүгедектікке, ауруына, қартаю шағына және т.б. себептерге байланысты), онда мемлекет жәбірленушілерге зиянның орнын толтырып, кері талаптарды ұсынуға өз мұдделерімен пайдаланыла алмайды. Осындай жағдайда ол толығымен барлық шығындарды өзіне алуы тиіс.

Қылмыс салдарында жәбірленушіге келтірілген залалды өтеу туралы шетел заңнамасына жасалған талдау осы аталған негізінен халықаралық стандарттарға кезекпен қолданылатынын көрсетті. Алайда, бірыңғай жолдар байқалған жоқ. Жекелеген көптүрлілікпен қылмыстардан зардап шеккен жәбірленушілерге залалды өтеуді жүзеге асыру рәсімдері мен органдар, сондай-ақ мұндай толемдерді түрлі елдерде каржыланыру көздері ерекшеленді.

Пайымдауымызша, жоғарыда аталған заңды-техникалық амалдардың көбісі отандық құқықтық жүйесінде қолданылуы мүмкін.

Сондай-ақ жәбірленушінің мінез-құлық өлшемдерін белгілеу маңызды болады, олар (қылмысты тергеуге және істі сотта қарауда ықпал ету, өтінішпен құқық қорғау органдарына уақытында жүгінүү, қылмыс жасауға итермелемейтін жәбірленушінің оң мінез-құлқы және т.б.) дұрыс сақталған жағдайда мұндай өтемақыға үміт артуға болады.

Қылмыскерлерден міндетті мемлекеттік алым, сондай-ақ қылмыстан зардап шеккен жәбірленушілерге көмек қорына жарналар туралы нормаларын отандық қылмыстық заңнамага үксас ережелерді енгізу мақсатында зерттеу перспективті болып табылады.

1 Қазақ Энциклопедиясы, 4 том 3 бөлім 221 б. Алматы.

2 Квашин В.Е., Вавилова Л.В. Зарубежное законодательство и практика защиты жертв преступлений. - М., 1996.305с

*3 Меньших А.А. О возмещении ущерба жертвам преступлений во Франции Журнал Российского права. 1999. №3/4.*

*4 Смирнов С.В. Проблемы реализации в уголовном процессе права на возмещение ущерба, причиненного преступлением, в условиях перехода государства к рыночной экономике Н. Новгород, 110, 1994. 200с*

*5 Мазалов А.Г. Савицкий В.М. Нерешенная проблема возмещения вреда потерпевшему от преступления, М 1997.320с.*

*6 Коржанский Н.И. Очерки теории уголовного права Волгоград, Изд-во Волгогр. ВСШ МВД РФ, 1992. 250с.*

*7 Кондратов П.Е. Обеспечение интересов лиц, пострадавших от преступлений. В сборнике: Укрепление законности и борьба с преступностью в условиях формирования правового государства. Под ред. СВ. Бородина и др. - М., 1990.*

### **Резюме**

Механизмы возмещения вреда причиненного преступным действием

Жамалбек Аскар – магистрант 1-го курса специальности юриспруденция,

Кусаинов С.Ж. – кандидат юридических наук, КазНПУ им.Абая

Основанием гражданского иска в уголовном процессе служат юридические факты, порождающие возникновение правоотношений между истцом и ответчиком:

- общественно опасное деяние;

- имущественный (материальный) ущерб, причиненный непосредственно истцу;

- причинная связь между ущербом и общественно опасным деянием. В данной статье автор рассматривает проблемы возмещения вреда причиненного преступным действием. Проблемы реализации в уголовном процессе права на возмещение ущерба, причиненного преступлением, в условиях перехода государства к рыночной экономике, механизмы возмещения вреда, практика возмещения вреда причиненного преступлениями.

В статье проанализировано законодательство Республики Казахстан и зарубежных странах и сделаны выводы о необходимости совершенствования национального законодательства в этой сфере. Также автор рассматривает проблемы связанные с возмещением вреда причиненного преступным действием, в связи с этим автор рассматривает виды возмещения ущерба причиненного преступным действием, а также гражданский иск в уголовном процессе.

**Ключевые слова:** возмещение вреда причиненного преступным действием, возмещение вреда, материальный вред, моральный вред, потерпевший, преступление, механизмы возмещения вреда

### **Summary**

Recovery mechanisms to victims of crime

Askar Zhamalbek – a first yearmaster student of the specialty jurisprudence

Kusainov S. - the candidate of jurisprudence, Abai Kazakh National Pedagogical University

The reason of civil action in the criminal proceedings are legal facts giving rise to the emergence of relations between the plaintiff and defendant:

- Socially dangerous act;

- Material damages caused directly to the claimant;

- A causal link between the damage and socially dangerous acts. In this article the author are risen redress problems caused by a criminal act. Problems of realization in criminal proceedings the right to compensation for damage caused by the crime, in a state of transition to a market economy, the mechanisms of redress, the practice of compensation for harm caused by crime.

**Keywords:** compensation for damage caused by a criminal act, compensation for damage, material damage, non-pecuniary damage to the victim, the crime, the mechanisms of redress

УДК 327 (574)

## **НАЦИОНАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО УБЕЖИЩА**

**А.К. Сивонгсак – студентка 4 курса, специальности Международное Право, КазНПУ им. Абая,**

**Ш.А. Сабитова – д.ф.н., ассоц. профессор, научный руководитель**

Из-за сложившейся ситуации в мире тема политического убежища является актуальной. В данной статье автор раскроет основные проблемы предоставления политического убежища, правовой статус беженцев, а также нынешнее состояние и соблюдение норм международного права и как они имплементированы в национальное законодательство Республики Казахстан. Также обозначены основные понятия по праву убежища и принципы предоставления политического убежища.

**Ключевые слова:** право убежища, беженец, политическое убежище, Конституция РК от 30.08.1995 г., закон РК «о беженцах » 1951 г, национальное законодательство

